



Халықаралық білім және ғылым академиясы
Международная академия образования и науки
International Academy of Education and Science

ЖИНАК

**«МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ: ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ
ҒЫЛЫМ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция

СБОРНИК

Международная научно-практическая конференция
**«КУЛЬТУРА И ОБРАЗОВАНИЕ: АКТУАЛЬНЫЕ
ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ НАУК В ХХІ ВЕКЕ»**

NUR-SULTAN

художественное творчество. Мы проводим экскурсии «Памятники в моем городе», у нас действует экспозиция «Любимый город»; регулярно мы с детьми выпускаем альбом «Наш город». В начале года мы представляем панораму «Семейные истории»; ко Дню шахтера мы демонстрируем видеопрезентацию «Люди, прославившие мой город»; ежегодно пополняем семейный архив: «Мой дедушка-герой». Традицией в нашей группе является создание семейного проекта «Генеалогическое древо семьи».

Вся проводимая нами работа содействует основанию фундамента для развития интереса к истории государства, формирования нравственно - правовых представлений, умения пользоваться этими нормами в повседневной жизни, проявлять интерес к прошлому, настоящему и будущему своего города, развивать способности решать интеллектуальные проблемы (задачи), понимать ценность жизни, развивать и проявлять заботу и внимание к окружающему миру, развивать готовность к социокультурному взаимодействию, позитивному поведению социально-адаптивной личности.

Таким образом, заложив фундамент с детства, мы можем надеяться, что воспитали настоящего патриота, любящего свою Родину.

К концу обучения дети имеют представления о главной книге нашей страны и её Законах; о правах и обязанностях детей и взрослых; о главных праздниках нашей страны; о таких качествах как доброта, терпимость, внимание, сострадание, сопереживание, уважении к взрослым; о своей семье, её обычаях и традициях; проявляют интерес и уважение к жизни, культуре людей из других стран представителей других национальностей.

Становление человека как гражданина должно начинаться с его малой Родины – родного города. Невозможно вырастить настоящего патриота без знания истории. Любовь к большому надо прививать с малого: любовь к родному городу, краю, наконец, к большой Родине.

Литература:

1. Статья "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания". Н.А. Назарбаев. 12 апреля 2017 г.
2. Материалы XVI Международной научно-практической Интернет конференции «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА» – Алматы: Алматинская академия экономики и статистики, 2017.- 853стр.
3. <https://official.satbayev.university/ru/university/roukhani-zhangyu>
4. С чего начинается Родина? / Под ред. Л. А. Кондрыкинской. – М.: ТЦ Сфера, 2004г.

ҚАЗАНАТ – ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗЫНАЛЫ ҚАСИЕТІ

КЕМЕЛОВА Калипа Шахизадаевна

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі
Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір, Қазақстан
Halipa.Kemeloba@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада қазақ тарихында өзіндік орны бар жылқы жануарына қатысты археологиялық деректер негізінде алынған. Қазақ өміріндегі жылқы шаруашылығы қазақтардың экономикалық - әлеуметтік, сонымен қатар әлемдік өркениеттің даму сатысында ерекше орын алатындығы тарихи, этнографиялық, фольклорлық әдебиеттерге сүйене отырып дәлелденген.

Кілтті сөздер: Жылқы, өркениет, мәдениет, наным-сенім, қазақ.

Conclusion

This article is based on the archaeological sources of horse breeding in the history of Kazakhstan. Horse breeding was played an important role in the economical, social, historical, ethnographical and folklore life of Kazakhs.

Key words: Horse, civilization, culture, belief, Kazakh.

Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды.

«Ұлы даланың әсеті қыры» мақаласынан

Қазақстан территориясында мал шаруашылығы сонау қола дәуірінен дами бастағаны археологиялық зерттеулерден белгілі. Бұл дәуірде өмір сүрген сақтар көшпелі мал шаруашылығымен қатар отырықшы мал шаруашылығымен де шұғылданған. Ол Сырдария, Шу, Талас, Арыс өзендерінің бойында, Қаратау баурайындағы табиғи шабындығы мол, егіншілікке қолайлы алқаптарда дамыса керек. Бұл жерлерде сондай-ақ жартылай көшпелі мал шаруашылығының да дамығаны белгілі. Себебі, олар шөптің қалыңын, судың тұнығын қуалап, малдың тұяғына ілесіп, бір ғана малдың жайын ойлап көшіп-қонып отырған. Төрт-түлікті баққан көшпелі халықтар кейінгі ұрпақтарына шаруашылықты жүргізумен қатар, мәдениеттен көп мұра қалдырды деп айту ақиқат.

Ал, енді осы мал шаруашылығының ең бір негізгісі – жылқы, яғни оның тарихтан алатын орны. Демек, өзіндік мәдениетіне сәйкес күнделікті өмірінің әрбір кезеңін жылқы малымен тығыз байланыстырған қазақ халқы оның өсу, даму кезеңдерін мұқият қадағалап, тани білген. Мал шаруашылығы қола дәуірінен бастау алды десек, жылқының қолға үйретілуі, сол кезеңдегі адамдардың ойлау сезімі мифологиялық сатыда болғандықтан, адам мен табиғат арасындағы бауырмалдық ерекше дәрежеде болды. Осыған орай жылқы малының о баста адам баласына көлік болуын түрікілердің мифологиялық көне түсінігі бойынша былай: «Жылқы адамға көлік болмаған асау шағында далада жайылып жүрген. Содан бір күні бұғылар жылқының өрісін таптап, шөбін жеп қояды. Жылқы ашуланып, оларды қанша қуғанымен, жете алмайды. Содан: «Өшімді қалай алуға болады?» - деп, адамнан ақыл сұрайды. Адам: «Мен сокқан ауыздықты тартатын шыдамың болса, кегінді мен қайтарып беремін», - дейді. Ақыры жылқы бұған келісіп, басына жүген, үстіне ер-тоқым салғызып, адамның көлігіне айналады. Ал адам болса содан бері бұғыны аулайтын болды», - деп келтіреді. [1]. Бұл жерде жылқыға шарт ретінде ұстаның туындысы – ауыздық болса, адам баласы өзінің жаяу екенін оған түсіндіреді. Мифте - адамның аңшылық, одан кейін малшылық кәсіпті менгергені заманымыздың шындығын дәлелдейді. Адам аңшылық дәуірде алдымен бұғыны аулап оны да көлік ретінде пайдаланған. Содан кейінгі замандарда бұғы ормандағы аңшы халықтардың үлесінде қалады да, жылқы дала көшпелілер өркениетінің тірегіне айналады.

Түптеп келгенде, мифте шаруашылықтың жаңа нысаны пайда болып, жабайы жылқының адам тарапынан қолға үйретілген кезеңі суреттеледі, яғни жылқы малы ерте замандардан бастап, ата - бабаларымыздың мініс көлігі ретінде қолға үйреткені баяндалады.

Бұл мифологиялық көне түсінік, ал осы жылқы малының ежелгі отаны жайында тарихшы - этнограф, жылқытанушы - ғалым А.Токтабайдың айтуынша: «Европа ғылымы жылқыны мәдениеттің бір саласы деп есептеп, зерттеген. Ал, француз, ағылшын ғалымдары болса, «көшпенді халықтардың жасаған мәдениеті б.з.д. II мың жылдықтан басталып, моңғолдар шапқыншылығына дейінгі үш мың жылдықты қамтыған мәдениет, немесе жылқылы көшпелі өркениет деп аталады», - дейді. Осы жылқылы – көшпелі өркениеттің адамзатқа бергені өте мол. Ең алдымен олар жылқыны қолға үйретті. Анығырақ айтсақ, жылқы малының алғаш рет қолға үйретілген ежелгі отаны Шығыс Еуропаның далалы аймақтары мен Қазақстан аумағы деген пікірлер жайында көптеген зерттеулер жазылған. Солардың бірі соңғы кезде Солтүстік Қазақстан өңірінің Көкшетау алқабы Айыртау ауданына қарасты Ботай елді мекенінде жүргізілген археологиялық қазба барысында кезінде бұдан 5300 жыл бұрын қолға үйретілген жылқы сүйектерін қазақстандық тарихшы ғалым В.Ф.Зайберт тауып, арнайы ғылыми еңбек жазып, жылқының алғаш қолға үйретілген отаны Қазақстан екендігін дүние

жүзіне таратқан болатын. Бұл өңірден табылған қолға үйретілген жылқы малының қазба қалдықтарының көптігі ғалымды таңқалдырды және қаңқа сүйектерін саралап зерттеудің нәтижесінде В.Ф.Зайберт жылқының алғаш қолға үйретілген жері - Қазақстан аумағы деп тұжырым жасады. Ғалымның мұндай тарихи ғылыми тұжырымын 2009 жылы ағылшын және тағы басқа да ғалымдар нақтылап бүкіл әлемге таратты.[2] Яғни арғымақтардың отаны болу - өркениеттің отаны болу деген сөз.

Халқымыз үшін дала мен жылқы деген сөздер қасиетті де киелі сөздер болып табылады. Сондықтанда ықылым замандардан көшпелілер тұрмысқа қажетті заттардың барлығын малдан өндіріп алатындықтан, олардың байлығы мал басымен, яғни бүкіл болмыс тіршілігі жылқымен байланысты болды. Көшпелі қазақтың өмірінде, тұрмысында жылқы малының атқаратын рөлі орасан зор, өйткені ол күш-көлік, жұмыс малы ретінде ғана емес, шипалы сүтімен, дәмді етімен құнды деп бағаланған. Мындаған жылдар бойы жылқы баққан көшпелі халықтарда әр түрлі жылқы тұқымдарын өсіру, баптау, сұрыптаудың өзіндік тәсілдері, дәстүрі, мол тәжірибесі қалыптасты. Сол жылқы түрлерінің ең көп тарағандары жүк жылқысы (Владимир жылқысы, т.б), мініс жылқысы (араб жылқысы, ақалтеке, және т.б), жазық дала жылқысы (дон жылқысы, буденный жылқысы, қостанай жылқысы, монғол жылқысы, қазақ жылқысы т.б), тау жылқысы (кабардин, қарабақ, қырғыз, алтай жылқылары т.б), солтүстік дала жылқысы (витский, эстон, якут жылқылары т.б) болып ажыратылады.

Х.Бабаджановтың тарихи-этнографиялық еңбегінде орыс ғалымдары байқамаған қазақ жылқысының қасиеттерін, халықтың өмір - тәжірибесін дәлдікпен жазуының нәтижесінде белгілі этнограф ғылыми еңбектері үшін ресми награда алып, күміс медальмен наградталған. Зерттеушінің еңбегінде, яғни баспасөз бетінде жарық көрген мақалаларында қазақ халқы өсіретін жылқыларды үш топқа бөледі: 1) күшті, еті тығыз аттар. Мұндай жылқыны ауыр жұмыстарға, жүк тартуға, көші-қонға пайдаланған; 2) жүрдек аттар. Бұл күші мығым ат пен бәйге атының арасындағы, салт жүріске жарамды жылқылар; 3) жүйрік аттар. Осы соңғы топтың өзін автор қарғыншыл (2,4,8 верст қашықтыққа ғана шабатын ұшқыр ат), қашағаншыл (бұлда аз қашықтыққа, асауды қайыруға пайдаланылады) ат, шын жүйрік ат деп бөледі. Х.Бабаджановтың бұл пікірі қазақ халқының жылқы шаруашылығындағы белгілі бір жүйе болғандығын растайды. Қазақтар бәйгеге қосатын жүйрік жылқыларды тұлпар, арғымақ, сәйгүлік деп әлпештеп, ерекше күтімге алған. Ал, ауыр жүк артуға, адыс жолға төзімді жылқыны қазанат деп атап, оны да ерекше бағалаған. Еті мен сүті үшін өсірілетін қалған жылқылар жабы деп аталады. Жабы жылқының ерекшелігі жайылымда жақсы семіреді.

Қазақстанда өсірілетін жылқы тұқымы да аз емес. Ғылыми зерттеулерге көз жүгіртсек, олардың әрқайсысының өзіне тән ерекшелігі, өзгешелігі бар. Сол жылқы тұқымдарының *қазақы жылқы* жергілікті жерде өсіп өнген ең байырғы тұқымы болып саналады. Және осы жылқының тұрқы, тұрпаты жайында Ш.Жанәбіловтың еңбегінде былай: «Ауа райының қандай жағдайына болса да төзімді, жем шөп талғамайды, үнемі далада, тебінде, жайылымда өсіп жетілген. Бұл түліктің басы үлкен, сағалдырығы кең, көздері кішілеу, мойны жуандау, тұрқы орташа, шоқтығы биік емес, көкірегі кең, қабырғалары ұзын және тік келеді, аяғының сіңірлері шығыңқы, көрініп тұрады. Алдыңғы аяқтары түзу, ал артқы аяқтары қайқылау, тұяқтары мықты, терісі қалың, жал құйрығы қою, түсі әр түрлі болады» - деп келтірген.[3]

Қазақы жылқы Қазақстанның барлық жерінде бірдей емес. Ол әр жердің ауа райы, жер су жағдайы және маманның оны сұрыптау шеберлігіне қарай түрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Мысалы: Орталық Қазақстандағы қазақы жылқылардың мойны ұзын, аяқтары сида, белі қысқа, сауыры жіңішке болады ал, Оңтүстік Қазақстандағы қазақы жылқылары «арғымақ», «қазанат» деп аталған. Бұл тұқымдардың сырт келбеті үлкен басымен, ұзын және жуан денесімен, қысқа аяқтарымен, ұзын да қалың құрық жалымен ерекшеленеді.

Енді мал шаруашылығының еңбір жауапты кезеңі-малдардың төлдеу маусымына тоқталсақ, Халқымыз малдың яғни жылқының төлдеу циклінде де түрлі магиялық күштерге, наным сенімдерден келіп шыққан ырымдар мен ғұрыптарға сеніп, соларды жасап отырған. Қазақ жерінің қай түкпірінде болсын мал төлдей бастағаннан-ақ мал соймайды. Төл уағына жетерлік етті мал тумай тұрып-ақ қамдастырып алады. «Халық сенімі бойынша әдейі сойған

малдың қаны қан тілейді, яғни өлім-жетімге себепкер болады», - дей келе, этнограф Ә.Т.Төлеубаев өз еңбегінде: «Шығыс Қазақстан қазақтары арасынан жиналған материалдарға қарағанда, төлдеу кезінде өлейін деп жатқан бірен саран малды қара тасқа бауыздап, «тастай тыйыл» дейтін көрінеді.[4] Осындай түрлі құбылыстар магиясы сенімінен жаңа туған құлынның мойнына тұмар тағып, құлын туғанда не «жүйрік бол!», не «сүтті бол!» (ұрғашы құлын болса) деп сауырына үш рет ұрады. Кіші жүз адайларында арғымақтың не басқа да асыл тұқымды айғырлардың құлынын аңдып отырып, кілемге туғыздырып алу әдеті де кездеседі. Күзетіп отырған адам қалғып кетіп, құлын жерге түсіп қалса, келешекте жақсы қасиеттерінен айырылып қалады деген сенім болған.[5] Ал информаторлардың айтуынша, жылқы түлігінің жылда бір жерге, яғни шаранасы түскен жерге барып құлындайтын серті бар. Бие құлындағын соң, 1-2 сағаттан кейін құлыны артынан ілесіп кетеді. Құлынның бір кереметі иіс сезу инстинктінің, сезімталдығының күштілігі, яғни екі күнге дейін көзі көрмеседі енесінің иісімен ілесіп жүреді екен.

Қазақ халқы үшін төрт түліктің осалы жоқ. Десек те, жылқы малын ерекше қадір тұтатын халықтардың бірі - қазақ халқы. Шындығында түлік біткеннің төресі жылқы малының мың бір ауыруға ем еті мен сүті сонау сақ кезеңдерінен бері көшпелілердің дәстүрлі тағамы болып есептелген. Ғылыми деректерде, бие сүтінің асқазан ауыруларына, ал оның еті атресклероз, рак ауыруларына қарсы шипалы қасиеті бар екені дәлелденген. Осымен қатар, қымызда 1,8 - 2,2% - тей белок және адам денсаулығына қажетті витаминдердің барлығы кездеседі. Әсіресе, қымыз А және С витаминдеріне бай. Ғалым - аптекарь И.Сиверс: «көшпелілер жылқы сүтінен қымыз ашытып, шипа ретінде қолданады. Өзінің алтай өңірінде қымыз ішіп көптеген ауырулардан жазылғанын айта келе, тері ауру, жұқпалы, туберкулез ауырулары көшпелілерде мүлдем кездеспейді» - деп жазған болатын. Ата - бабаларымыздың бұл дәстүрі бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Мысалы, күзге таман жыл сайын жылқы сойып, одан дәстүрлі тағам қазы-қарта, жал-жая дайындайтығын, сүтін ауыру адамға шипа ретінде қолданатындығын айтуымыз керек.

Сондай-ақ, жылқы адамзаттың айнымас серігі екендігін ескергеніміз жөн. «Ер қанаты-ат» дейтін мақалда осы кезеңдерде айтылса керек. Сонымен қатар, ат иелері өзінің өсірген малымен толық түсіністік табады, сырласады, оған тілек білдіреді. Тұлпарлар да аса ақылды, қиыншылықты, қауіп қатерді бұрын сезініп, оны өз иелеріне алдын ала білдіреді. Сондықтан да ат иелері өз тұлпарларын сүйеді де, оларға толық сенеді. Өмірде керемет тұлпар аттар болғаны қазақтың көптеген аңыз, эпос жырларында тамаша суреттеледі. Мысалы: Ақан серінің Құлагерін қазақ қауымы жақсы біледі. Атақты ақын, әнші сазгер Ақан сері кезінде өте даңқты адам болды. Оның дақының соншалық тез және кең тарауына жүйрік аты Құлагер де себеп болды. Құлагерді тай күнінен мәпелеп, табаны жерге тимейтін тұлпар етіп баптаған Ақан сері былай деп жырлаған:

Құлагер жас күніңнен тайым едің,
Солкылдақ тауға біткен қайың едің,
Бәйгеге Құлагерді қосқанымда
Бір тайпа ел бәйгесіне байып едің.... - десе,

Құлагердің мүсінін, «мінез-құлқын» суреттегендегі жырынан бір шумақ өлең келтірейік:

Жүрседе жаздай құры болмайды тоқ,
Кез жарым кесер баста кесім ет жоқ.
Қақпан бел, қалбағайлы үңгір сағақ,
Шапса-жел, мінсе-жайсаң, тұрса-селсок.....[6]

Шапса-жүйрік, мінсе-берік, екпіні үй соққандай Құлагер Ақан серіге адамнан артық серік - сүйеніш болған. Жалпы жылқы малында небір жүйріктер болғаны ақиқат. Ертеден арыстан - аң патшасы есептелсе, жылқы - мал патшасы аталған. Ол заманда адам баласы үшін жылқыдан қадірлі тұяқ болмаған. Адамға қанат бітіріп, төбесін көкке жеткізетін де осы жылқы болған.

Жылқы туралы қазақтың мақал-мәтелі де өте көп. «Жылқының сүті шекер, еті бал», «Жүзден- жүйрік, мыңнан-тұлпар», «Адам жылқы мінезді», «Адам баласы сөйлескенше, жылқы малы кісінескенше», «Жылқыда өт жоқ, құста сүт жоқ», «Алуан-алуан жүйрік бар әліне қарай шабады», «Ат тұяғын тай басар», «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас», «Енесі тепкен құлынның еті ауырмас», «Жылқы құлыннан көбейер, ақша тиыннан көбейер», «Ат аунаған жерде түк қалар», «Ат баспаймын деген жерін үш басады, ер көрмеймін деген жерін үш көреді», «Ат айналып қазығын табады, ер айналып елін табады», «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме», «Тұлпар болар құлынның мүшесінен белгілі», «Жақсы ат жанға серік, жақсы ит малға серік» т.б жылқы туралы мақалдардың бұл бір бөлшегі ғана. Басқа мал туралы мақал – мәтелдер мұншалықты көп емес. Көп мақалдар да жылқы мен адам қатар айтылады. Ал мақал өзінің тура мағынасымен ғана қолданылмай, көп жағдайда астарлы мағына берерін ескерсек, қазақтың жылқыны жақсы көретіндігінде шек жоқтығы осыдан – ақ байқалады.

Халқымыздың күнделікті тіршілігі мен тығыз байланысты саласының бірі төрт түліктің әрекет қылығына қарай, халықтың өз тәжірибесінде жинаған келесі саласы ауа- райын болжау тәсілі. Әрбір түліктің әрекет - қылығына қарай ертеңгі күннің, алдағы жыл мен айлардың ауа райын болжау, қазақ халқының дүние танымындағы адам-табиғат төрт-түлік триадасындағы таным жетістігі және мал шаруашылығын жете игерген негізгі өзіндік ерекшелігін көрсететін тұсы болды. Информаторлардың айтуынша, жылқы бір жылдық ауа райын, қой жартыжылдық, түйе екі – үш айлық, сиыр екі-үш күндік ауа райын сезе алады екен. Мысалы: «Төрт - түліктің төресі аталған түйе осы күні түнде ернін жиі жыбырлатып шықса, ал жылқы малы оқыранып, жұтынар болса онда бұл жылғы көктем ерте шығады екен», - деп жорамалдаған.[7] Сонымен қатар, қыстың соңғы күндері жылқы ықылықтап, жабағы ішін тартса, көп кешікпей күн жылынып, қар суын ішіп, көктем ерте туады деп есептеген.

Жаздың күндері төрт - түлік малдың жайылымдағы жайылысы мен қылықтарынан да малшылар келер қыстың қандай болатындығын болжай білген. Бұндай тәжірибе жылқы малының жаздағы жайылысынан анық байқалған. Бұл жайында Н.Сәбитовтың еңбегінде: “Жаз айында жылқы топталып жайылса, онда қыс жылы да, ал шашылып жайылса, онда қыс қатал болады деп жорамалдаған», - деп жазылған болатын.[8]

Жалпы, қазақ тарихында, қай заманда болмасын жылқының қадірі өте жоғары, өзіндік сыры мен жыры бар өмірден ерекше орын алатын түліктердің бірі. Бұл жайлы қазақтың белгілі тарихшысы Мұхаммед-Хайдар Дулатидың (1499-1552) «Тарихи Рашиди» атты еңбегінің бір тарауында жылқы жөнінде былай делінген: «...Біздің асыл дүниеміз – бір ғана жылқымыз, ләззат алатын асымыз ет, сүйегін шәрбәтіміз-қымыз... Қызық көретініміз-өрістегі жылқымыз...»[9]

Халқымыздың төрт-түліктің оның ішінде жылқы малының мінез қылығын бақылай отырып, табиғат құбылыстарын ажырата білуі, малжандылығымен қоса, табиғатпен етене араласқан, өмір тәжірибесінің байлығы шаруашылықты табиғат ығына қарай ұйымдастырғаны байқалады. Жылқы малының тарихтан алатын орны, оған байланысты әдет - ғұрыптары, наным - сенімдері, салт - дәстүрлері халқымыздың ұлттық рухани болмысының басты ерекшелігі, тілінің тірегі, мәдениетінің арқауы деп білеміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. А.Тойшанұлы. Түрік-монғол мифологиясы. Алматы, «Баспасөз үйі» 2009, 10-28 б.б
2. Р.Сәттімбеков. Парасат, №12.2010, 15 бет.
3. Ш.Жанәбілов. Қазақша мал атаулары. «Қайнар» 1982, 9 бет.
4. Ә.Т.Төлеубаев. Қазақтың мал шаруашылығына байланысты кейбір көне сенімдері. //Вестник АН КАЗ ССР, 1984 № 12-56бет.
5. А.У.Токтабай. Қазақтардың XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы жылқы шаруашылығы (тарихи-этнографиялық зерттеу) Алматы, 1992-142бет.
6. Қ.Сәбденов. Төрт-түлік. Алматы, «Қайнар» 2002, 8-84 б.б.
7. М.Қазыбеков. Наурыз. Жанғырған салт-дәстүрлер. Алматы, «Қазақстан» 1991-195бет.

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

№	ФИО	стр
1.	KOISHIGARINA Aigul Talapovna, BIZHANOVA Luiza Ruslanovna	3
2.	LAZZAT Bazarbayeva	8
3.	ЖЕПБАРОВА Саят Курбанмуратовна	13
4.	YUSUFOVA Dilrabo Yusuf qizi	16
5.	ZIKIRINA Saule Sayranovna, LYUTOVA Elvira Manarbekovna	18
6.	АБДРАХМАНОВА Айбарша Сагингалиевна	21
7.	АБДРАШИТОВА Каламкас Болатовна	24
8.	АМИНДЖАНОВА Рухшона Хакимовна	28
9.	АМИРОВА Райлы Тилековна	30
10.	БАЙМУСАЕВ Шерхан Сарсенбаевич, БАЙМЕНОВА Айнур Джунусовна	36
11.	S.V.Begimbekova	38
12.	ГАБДУЛОВА Айгул Ермековна	40
13.	ЕСЕРКЕНОВА Жумагуль Курманалина	43
14.	ЖАЙСАНБАЕВА Акбота Нургалиевна	49
15.	ЖУКОВА Наталия Ивановна, СЕЛИНА Наталья Юрьевна	52
16.	ЖУМАБЕКОВА Айслук Шаймухановна	55
17.	ИСКАКОВА Маржан Айдыновна	58
18.	КАДЫРБАЕВА Ажар Талгатовна	61
19.	КАШАПОВА Мария Викторовна, КОЖЕВНИКОВА Римма Владимировна	65
20.	КЕМЕЛОВА Калипа Шахизадаевна	68
21.	КОЙШЫБАЕВА Нургул Онгаровна	73
22.	KULSHARIROVA Z. K., KENZHEBAEVA Zh.T., ASTANOV R.A.	76
23.	ҚАЙЫНБАЕВА Лариса Сағижанқызы, КИЫНБАЕВА Мерует	79
24.	ҚАСЫМ Әйгерім Теміржанқызы	82
25.	МАМАЖОНОВ Акрамжон Тургунович	84
26.	A.V.MAMETKANOVA	87
27.	МЕНДІҚОЖАЕВА Сәулеш Қойлыбайқызы, САҚТАПБЕРГЕНОВА Ботагөз	89
28.	МУСТАПАНОВА Бакыт Алимгазиевна	91
29.	ОШАКБААЕВА Жаныл Турдыгазыновна, ХАМИТОВА Бахытгуль Динсламовна	94
30.	ӨТЕГЕНОВА Аягөз Ақылбекқызы	96
31.	РАЙЫМБЕКОВА Эльмира Максutowна	98
32.	САИДХОДЖАЕВА Дилафрузхон Муталибовна	103
33.	СЕМБАЕВА Самал Бақытжанқызы	106
34.	СОЛИЕВ Зокирходжа Махмудходжаевич, ХОМИДОВ Ином Мухиддинович, САЛИМОВ Фирдавс Джурабоевич	110
35.	ТАТАРЧУК Татьяна Александровна, ГАССЕЛЬБАХ Инна Васильевна	112
36.	ТВЕРДОВА Оксана Ивановна	115
37.	УГЫБАЕВА Гулайым Алимовна	121
38.	ЧЕРНОКОЛЕНКО Ирина Николаевна	123
39.	ЧИНГАЕВА Фарида Кенесаровна	126
40.	ШИДАЛИНА Сара Кунакбаевна, ЕСЕНГАЛИЕВА Любовь Павловна	129
41.	ЮЛДАШЕВ Ботирали Тошбаевич	132

Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Авторлардың көзқарасы, ұстанымы сақталады. Жинақтағы деректердің нақтылығына авторлар жауапты. Олардың байлам-тұжырымдары редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін. Ғылыми басылымда жарияланған материалдар көшіріп басылған жағдайда сілтеме жасалуы тиіс.

Халықаралық білім және ғылым академиясы
International Academy of Education and Science
Международная Академия Образования и Науки